

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РГП на ПХВ «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЕЗОВА» МОН РК



AUEZOV
UNIVERSITY
1943



ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

📍 160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, 5
☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
📘 [@official.ukgu.kz](https://www.facebook.com/official.ukgu.kz)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



тар.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.
« » 2020ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07123 «Пісіру өндірісін жобалау және ұйымдастыру»

Тіркеу номері	- 6B07100/28
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B07-Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B071-Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламаларының тобы	B064 – Механика және металл өңдеу
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
ББХСЖбойынша деңгейі	6
ҰБШбойынша деңгейі	6
СБШбойынша деңгейі	6, Машина жасау
Оқу тілі	қазақ, орыс, ағылшын
Типтік оқу мерзімі	4 жыл
Оқу нысаны	Күндізгі, кешкі, ҚББЖ
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы, кем емес	241 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-
Әлеуметтік серіктес(ҚББ)	«KARLSKRONA LC/AB» ЖШС

Шымкент, 2020ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	ҚОЛЫ
Мырзалиев Д.С.	«Механика және машинажасау» кафедрасының менгерушісі, т.ғ.к., доцент	
Арапов Б.Р.	«Механика және машинажасау» кафедрасының т.ғ.д., профессор	
Алибеков О.Б.	«Механика және машинажасау» кафедрасының т.ғ.к., доцент	
Молдағалиев А.Б.	«Механика және машинажасау» кафедрасының т.ғ.к., доцент	
Музафаров Ғ.	ММГ-17-2к2 тобы студенті	
Тағай Қ.	ММГ-17-2к2 тобы студенті	
Қанатбекұлы Қ.	«KAZMEDPRIBOR HOLDING» ЖШС бас директоры	
Асанов О.Б.	ЖШС «Asia Trafo» директоры	
Урумбеков Б.К.	«Сона Строй» ЖШС директоры.	
Таукеев Н.М.	«KazBuildPartner» ЖШС директоры	
Юлдашев Х.Б.	«KazFerroGroup» ЖШС директоры	


Білім беру бағдарламасы «Механика және мұнайгаз ісі» факультетінің Әдістемелік комиссиясында қаралды

ӘК төрайымы  Досмаканбетова А.А.

ҚОЛЫ

« 18 » 02 2020 ж. № 7 хаттама.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

 ж. № 4 хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 18 » 02 2020 ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
2.	Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері	8
3.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері	10
4.	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте	13
5.	Пәндер туралы мәліметтер	14
	Келісім парағы	31
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	32
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	36

Кіріспе

1. Қолдану аясы

ҚР Білім және ғылым министрлігінің ШЖҚ РМК М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «6B07123 – Пісіру өндірісін жобалау және ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар дайындауды жүзеге асыруға арналған.

2. Нормативтік құжаттар

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (04.07.2018 ж. енгізілген өзгертулермен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында №17657 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығына 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен;

«Машина жасау» саласы бойынша біліктіліктердің салалық шеңбері, (Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік және еңбек қатынастары бойынша тау-металлургия, химия, құрылыс-индустрия және ағаш өңдеу, жеңіл өнеркәсіптері пен машина жасау бойынша салалық комиссиялардың Отырысының хаттамасымен 2016 жылы «16» тамыз, №1 хаттама, бекітілген)

«Машина жасау және металл өңдеу» кәсіби стандарттары: «Сынақтар жүргізу», «Робототехника» (роботтар мен олардың жиынтықтауыштарын өндіру), («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 30.12.2019 ж. № 296 бұйрығына № 13, 39, 42-қосымша).

3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясына сәйкес және білімі үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін, кәсіпкерлік дағдыларды игерген, үш тілді еркін меңгерген, тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлауға қабілетті, кәсіби қызметке шығармашылықпен қарайтын, ұлттық және интернационалдық ұжымда жұмыс істеуге қабілетті, өмір бойы оқу стратегиясын қолдайтын еліміздің зияткерлік элитасын дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен, Дублин дескрипторларымен, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 1 циклімен, (A Framework for Qualification

of the European Higher Education Area), сонымен қатар өмір бойы білім алу үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) үйлесімділікте.

Білім беру бағдарламасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген ғылыми-зерттеу, тәжірибелік және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.

6B07123 «Пісіру өндірісін жобалау және ұйымдастыру» білім беру бағдарламасының бірегейлігі бакалаврдың осы бағдарлама шеңберінде алған келесі құзіреттіліктерімен анықталады, олар: ғылым мен техника саласында жаңа жетістіктерді меңгере алатын, алдыңғы қатарлы технологияларды дамытуға арналған заманауи ақпараттық технологиялармен және ақпараттық қамтамасыз етумен, машина жасау саласында құрал-жабдықтармен және пісіру өндірісіндегі автоматтандырылған жүйелермен етене таныс маман.

Білім беру бағдарламасы Болон процесінің принциптерін, студенттерді орталықтандыра оқыту, қол жетімділік пен инклюзивтілікті қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы оқыту нәтижелеріне жетуді мақсат тұтады.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне келесідей оқу іс-шараларын жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар – инновациялық оқыту технологияларын, ғылым, технологиялар мен ақпараттық жүйелердің жаңа жетістіктерін қолдану арқылы жүргізіледі;

- сабақтан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының басшылығымен, жеке кеңес беру сабақтары;

- кәсіптік практиканы жүргізу, выполнение курстық және диплом жұмыстарын (жобаларын) орындау.

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдауға, білім алушыға көрсетілген төзбеушілік және кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғауға байланысты шаралар қабылданған.

Білім беру бағдарламасының сапасы оны әзірлеуге және бағалауға стейкхолдерлерді тарту мен оның мазмұнына жүйелі түрде мониторинг және шолу жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018ж. №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты: **Пісіру өндірісі технологиялары** салаларында тұжырымдамалық білімдері бар, өндірістік және инновациялық қызметтерді атқаруға қабілетті және жаңа білімдер алуға және оларды кәсіби қызметінде пайдалана алатын, мемлекеттік және шет ел тілдерін еркін меңгерген, аналитикалық және логикалық ойлауға дағдысын көрсете алатын, кәсіпорын стратегиясы мен қызметін жоспардай алатын, өздігінен шешім қабылдай алатын және бөлімше деңгейінде жауапкершілік алатын мамандарды дайындау және білім алушыларға пісіру өндірісі және технологиялық жабдықтардың заманауи технологиясы бойынша білім беру икемділік пен дағдылануға үйрету.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- студенттерге **пісіру өндірісін ұйымдастырудың теориясы және практикасы бойынша білім беру;**

- **толығымен механикаландырылған және автоматтандырылған пісіру, үшін арналған жабдықтарды, сонымен бірге пісіру процессі кезінде баптаудың және реттеудің искерлігін қалыптастыру;**

- **пісірілетін бұйымдардағы ішкі кернеулердің және деформациялардың пайда болуын анықтау және алдын ала сақтандыру шаралары бойынша білімдер беру;**

- **бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету;**

- **интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы, олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау.**

1.2 Біліктілік және қызметтер тізімі

Осы білім бағдарламасы бойынша бітірген түлекке «Техника және технология бакалавры» дәрежесі тағайындалады.

6B07123 - «Пісіру өндірісін жобалау және ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар СББ білдектердің операторының бастапқы қызметкері, стандартты емес металл конструкциялар цехі шебері, учаске басшысы және (ғылыми-зерттеу мекемелерінде, конструкторлық және жобалық ұйымдарда) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы №201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан бастапқы қызметтер атқара алады

1.3 Білім беру бағдарламасын бітірген түлекке біліктілігі туралы сипаттама

1.3.1 Кәсіби қызмет саласы

Кәсіби қызмет саласына жалпы пісіру өндірісі, машина жасау өндірісінің салаларындағы пісіру өндірісі, сонымен қатар, көлік және байланыс, құрылыс, кеме жасау құрылысы, тау-кен машиналарын жасау, ауыл және коммуналды шаруашылық, білім және тұтыну тауарларын өндіру сияқты салалар болып табылады.

1.3.2 Кәсіби қызмет нысандары

Бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысандары болып машина жасау профилі өндіріс орындары, металлургиялық және механика өңдеу салаларындағы кәсіпорындар, меншік формасы мемлекеттік және мемлекеттік меншікті емес кәсіпорындар және ұйымдардың органдары, жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу мекемелері, сонымен қатар, индустриальды сектор, ауыл және коммуналды шаруашылық, өндіру және тұтыну сфералары болып табылады.

1.3.3 Кәсіби қызмет пәндері

6В07123 - «Пісіру өндірісін жобалау және ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы бакалаврының кәсіби қызмет пәндеріне мыналар кіреді: пісіру өндірісінің технологиялық процесстерін ұйымдастыру; пісірмелі конструкцияларды, өнімдерді және бұйымдарды толық механикаландырылған, автоматтандырылған және роботталған пісіруді қолданып өндіру (дайындау, қайта құру, монтаждау және жөндеу)

1.3.4 Кәсіби қызмет түрлері

«Машина жасау» мамандығы бойынша бакалавр келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:

- ұйымдастыру-басқару;
- конструкторлық-технологиялық;
- технологиялық;
- өндірістік-технологиялық;
- есептеу-жобалық;
- білім беру;
- экспериментальды-зерттеу.

2. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері

ОН1 Кәсіби ортада және социумда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сұхбаттаса алу.

ОН2 Кәсіби қызметінде жаратылыстану-ғылыми, математикалық, қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және инженерлік білімдерін көрсете білу, теориялық және тәжірибелік зерттеулердің мәліметтерін, нормативтік құжаттар мен экономикалық талдау элементтерін математикалық өңдеу әдістерін көрсету.

ОН3 Ақпараттық және есептеу сауаттылығы болуы тиіс, ақпараттарды жалпылау, талдау және қабылдай алу, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдай білу.

ОН4 Инженерлік қызметті жоспарлауға машықтануды меңгеру; балқитын жабынды электр ОН дпн қолмен доғалы пісірудің және жабынсыз электр дтармен автоматтандырылған пісірудің режимдерін анықтай алу.

ОН5 Машина жасау саласының даму перспективасы жайлы түсінігі және оның жай-күйіне кешенді сараптама жүргізуге дағдылы болу.

ОН6 Құрастырмалы-пісірмелі кешендерді жинақтау негіздерін, конструкторлық құжатнаманы ISO, ЕСКД/ЕСПД, ЕСТД стандарттарына сәйкес рәсімдеу ережелерін білу.

ОН7 Пісіруге және кесуге арналған технологиялық жабдықтардың құрылымдарын және олардың тағайындалуларын және кернеу көздерінің жұмыс режимдерін игеру; әр түрлі пісіру түріне арналған қосалқы құрылғыларды білу.

ОН8 Пісірме конструкцияларды дайындаудың технологиялық үрдістерін жобалау; пісірудің заманауи түрлерін игеру және материалдың пісірмелік жапсар зонасындағы үрдістерді түсіну; пісірме конструкцияларды дайындауда оптимальды технология мен жабдықты өздігінен таңдау.

ОН8 Пісіру және кесуге арналған технологиялық жабдықтардың техника-экономикалық көрсеткіштерін теориялық және экспериментальды зерттеулердегі алынған деректерді өңдей және сараптама жасай алу.

ОН9 Пісірме конструкцияларды дайындаудың технологиялық үрдісін жоспарлаудың қағидаларын және этаптарын, электр ОН дтардың құрамын, пісіру түрлерінің жіктемесін және олардың өңделетін материалдың бетіне әсерлерінің негізгі қасиеттерін білу.

ОН10 Өндірістің нақты бір секторында пісірмелі конструкцияларды өндіруге арналған оптимальды технологияны және жабдықты өздігінен таңдау; пісірме бұйымдардың сапасын теориялық және экспериментальды зерттеуде алынған нәтижелерді және пісіру мен кесу үрдісінің техника-экономикалық көрсеткіштеріне өңдеу және сараптама жасау;

ОН11 Өзінің кәсіби қызметінде, басқару және кәсіпкерлік қызметте ұйымдастыру-құқықтық негіздерді пайдалану.

ОН12 Жеке түрде және команданың мүшесі ретінде тиімді жұмыс жасау, өз көзқарасын дәлелдей алу, өзінің ісін түзете білу және түрлі тәсілдерді қолдана алу.

3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқуын табысты тәмамдау бітіруші түлектің келесідей құзыреттіктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

Шешуші құзыреттіліктер (ШҚ):

(ШҚ1) *ана тілі саласында*

- техникалық білім саласында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексте тиісті түрде меңгеру қабілеті;

(ШҚ2) *шет тілдері саласында*

- шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын – кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және түсіндіру дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті;

(ШҚ3) *іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық*

- ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқытуда білім беру әлеуетін, тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдана білуге дайын болу және меңгеру, кәсіби міндеттерді шешуде бақылау және бағалау тәсілдерін айқындау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми жағынан ойлауды дамыту қабілеті;

(ШҚ4) *компьютерлік*

- жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті;

ШҚ5 *әлеуметтік*

- қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті; Қазақстан халықтарының мәдениетін білу және олардың дәстүрлерін сақтауға бағытталу; Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздерімен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу; түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу; мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу; іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру; кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну; командамен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу; басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.

ШҚ6 экономикалық, басқарушылық және кәсіпкерлік

- экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну; экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.

ШҚ7 мәдени дайындау

- Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту, жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.

ШҚ9 қосымша құзыреті

- сыни ойлай білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; креативті және белсенді өмірлік позициясы бар болуы; кәсіби сипаттағы тәуекел және белгісіздік жағдайларда шешім қабылдай алу қабілеті.

Кәсіби құзіреттіліктер (КҚ)

КҚ1

- геометриялық объектілердің кескіндері мен сызбаларын құру принциптерін білу және түсіну қабілеті; ISO, ЕСКД/ЕСТД стандарттарына сәйкес конструкторлық құжаттаманы ресімдеу ережесі. Есептерді орындау, ПОНцестер мен объектілер туралы ақпаратты жобалау және графикалық түрде бере білу.

КҚ2

- конструкцияларды жасаудың технологиялық үрдісін түсіну және жобалау, конструкторлық әзірлемелерді орындау және пісіру өндірісін ұйымдастыру бойынша таңдалған технологиялық шешімдерді негіздеу қабілеті.

КҚ3

- пісіру және кесу өңдеу саласындағы кәсіби қызметте мәселелерді шешу қабілеті, сапалы талдау жүргізу; пісірме конструкцияларды жобалау және есептеу салаларында, саймандарды пайдалануда алған білімдерді қолдану, негізгі құрал-жабдықтардың, құрал-саймандардың, принципияльды схемаларын ұсыну, процесстер мен объектілерді математикалық модельдеуді автоматтандырылған жобалаулар мензерттеулердің стандартты пакеттер базасында орындай алу.

КҚ4

- дәнекерленген құрылымдарды дайындаудың технологиялық процестерін жобалау қабілеті; өңделетін дайындамаларды дәнекерлеу кезінде болатын процестерді түсіну; дәнекерленген құрылымдарды өндіру үшін оңтайлы технология мен жабдықтарды өз бетінше таңдау.

КҚ5

**4.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ
МЕҢГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІМЕН КӨРСЕТІЛГЕН
ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ**

Оқу курсы	Семестр	Меңгерілген модульдер саны	Оқылатын пәндер саны			KZ кредиттер саны					Барлығы сағат пен	Барлығы кредит KZ	Саны	
			МК	ЖООК	ТК	Теориялық оқу	Дене тәрбиесі	Оқу практикасы	Өндірістік практика	Қорытынды аттестат тау			дана	диф. сынақ
1	1	3	3	4	-	29	2	-	-	-	900	31	5	1
	2	5	6	1	3	27	2	1	-	-	990	30	5	2
2	3	5	2	1	4	33	2	-	-	-	840	35	6	3
	4	6	2	6	1	25	2	-	3	-	990	30	6	3
3	5	4	1	3	2	25	-	-	-	-	840	25	5	-
	6	3	-	2	5	24	-	-	6	-	960	30	4	2
4	7	2	-	1	3	20	-	-	-	-	600	20	4	-
	8	2	-	1	3	20	-	-	-	-	600	20	4	-
	9	1	-	1	-		-	-	-	20	600	20	-	1
барлығы			14	20	21	203	8	1	9	20	7320	241	39	12

5. Пәндер туралы мәліметтер

Модуль атауы	ЦИК Л	ЖОО К/ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредитт ер саны	Қалыптасатын ОН (кодтары)
Қоғамдық ғылымдар модулі	ЖБП	МК	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің тарихи ғылымы, қалыптасу кезеңдері жайлы негізгі білімдерін қалыптастыру; Тарихи кезеңдерде және қоғамның саяси - ұйымдарда адамның орны мен маңызы туралы түсінік береді. Мемлекет тарихының дамуы себептерін пәнді оқыту аяқталғаннан кейін талдау және меңгеру.	5	ОН1 ОН2 ОН12
	ЖБП	МК	Философия	Философияның қоғам мен адамның дамуындағы орны мен рөлін, әлемдік және қазақ философиялық ойының дамуының негізгі кезеңдерін білуге ықпал етеді. Әртүрлі әлеуметтік үрдістер мен фактілерді бағалау және талдау үшін философия жағдайы мен санатын пайдалануды түсіну.	5	ОН1 ОН2 P10
Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	Пән мемлекеттік саясатты басқарудың негізгі қағидалары туралы білуге мүмкіндік береді. Әлеуметтану әдістемесін меңгеруді, қазіргі әлеуметтік және саясаттық теорияларын талдап, түсінуді дамытады. Коммуникативтік қабілеттер топта жұмыс жасау кезінде туындайды және қарым-қатынастың мақсаттары мен жағдайларына сүйене отырып, коммуникацияны сауатты құру қабілетіне ие бола алады.	4	ОН1 ОН2 ОН12
	ЖБП	ТК	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Экожүйелер мен жалпы биосфераның қызмет ету заңдылықтары, оларды іс жүзінде қолдану үшін экологияның негізгі ұғымдары мен заңдары туралы білім береді. Өндірісте экологиялық мәселелерді шешу үшін экология бойынша алынған білімді қолдану, сондай-ақ өнеркәсіптік кешендердің экологиялық мәселелерін шеше білу. Өнеркәсіптік кешендердің экологиялық мәселелерін талдау және оларды шешу жолдарын табу.	3	ОН1 ОН2 ОН12
	ЖБП	ТК	Кәсіпкерлік	Пәннің мазмұнында нақты қызмет саласында		ОН1

			дағдылары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	кәсіпкерлікті ұстау ерекшеліктері қарастырылады. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу ерекшеліктерімен таныстырады. Өз ісін құру және тіркеу, бизнесті жүргізу стратегиясын, бизнес-жоспарларды әзірлеу дағдыларын қалыптастырады. Бизнес идеяларды қалыптастыру, бизнесті басқару, нақты саладағы немесе экономика саласындағы кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау және талдауды ашады.		ОН2 ОН12
	ЖБП	ТК	Экономика және құқық негіздері	Әлеуметтік-экономикалық пәндерді зерделеу үшін іргетас қалайтын қазіргі экономикалық ойлау негіздерін білуін көрсетеді; қоғам дамуының экономикалық заңдылықтары және оның тиімді қызмет ету проблемалары туралы білім жүйесін қалыптастыру талаптарын білу; экономикалық жүйелердің жұмыс істеу заңдылықтарын және таным әдістерін білу; ҚР Конституциясының негіздерін, қолданыстағы заңнаманы, құқық теориясын білуін көрсету;	3	ОН3 ОН10 Р12
	ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	Мәдениет түсінігін және мәнін, мәдениеттің құрылымы мен функцияларын, мәдениеттанушылардың, мәдениет пен өркениеттің дамуының негізгі заңдарын, адам қоғамының дамуындағы мәдени процестердің мәнін білу. Әлеуметтік-мәдени жағдайды бағалауда және талдауда білімді қолдану, әлеуметтік-мәдени зерттеулерде ғылыми талдаудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану.	4	ОН1 ОН2 ОН12
Коммуникативті ұтқырлық модулі	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	Мәтіннің негізгі ғылыми ақпаратының түрін, көлемін және түрін анықтау; - көлемді мәтіндер жазу. - пікірлерді қалыптастыру тезистерді дәлелдеуді қалыптастыру; - Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікірлерді қалыптастыру үшін ақпаратты жүйелеу және түсіндіру.	10	ОН1 ОН2 ОН12
	БП	ЖОО	Кәсіби қазақ	Мамандық негіздерін қазақ және орыс тілдерінде,	3	ОН1

		К	(орыс) тілі	терминологиялық минимум, мамандық бойынша мәтіндерді талдау әдістері, арнайы мәтіндерді құрастыру, ғылыми стильдің әр түрлі жанрларының ерекшелігін білу. Мамандық бойынша мәтінді өңдеудің негізгі тәсілдерін қолдану; қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдар;ғылыми сөйлеу дағдысы; ғылыми ақпаратты жалпылай білу.		ОН2 ОН12
	ЖБП	МК	Шет тілі	Пән шет тілінің грамматикалық негізін білу; күнделікті қолданылатын қарапайым сөздерді түсіну және қабылдау; нормативтік талаптарды сақтай отырып коммуникативтік қарым - қатынаста болу үшін шет тілін қолдану;шет тіліндегі мәтіндерде сөздерді, қарапайым фразаларды оқуды қалыптастырады.	10	ОН1 ОН2 ОН12
	БП	ЖОО К	Кәсіби бағытталған шетел тілі	Оқыту саласында тереңбілімдер мен түсініктер, оның ішінде осы саладағы ең озық білімдердің элементтерін береді, кәсіби деңгейдегі білімдер мен түсініктерді қалыптастырады.Оқылатын саладағы аргументтерді негіздеудің және мәселелерді шешудің іскерлігіне үйретеді. Шет тілінде өз пікірін білдіруді және дәлелдей білу қабілеттілігін арттырады.	3	ОН1 ОН2 ОН12
	ЖБП	МК	Дене шынықтыру	Адамның физиологиялық ерекшеліктеріжайлы білімдер береді, адам ағзасының дамуының негізгі биологиялық заңдылықтарын дұрыс түсінуді қалыптастырады. Адамды оқыту және тәрбиелеу үдерістерінің шартты-рефлекторлық негіздерін түсінуді қалыптастырады. Адам жасына, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды жүзеге асыру қабілетін ашуды үйретеді.	8	ОН1 ОН2 ОН12
	ЖБП	МК	Мұхтартану	Пән М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын зерттейді; жазушының шығармашылық зертханасы, оның өмірбаяны абайтану ғылымының негізін қалаушы; "Манас"жырының зерттеушісі ретінде контексте талданады. М. Әуезовпен көрнекті қоғам қайраткері	3	

			ретінде танысу. Әлемдік және шығыс әдебиетінде М. Әуезовтің әдеби мұрасын талдау дағдылары дамуда. Отансүйгіштік және Отанға деген сүйіспеншілік сезімдері тәрбиеленеді.		
БП	ТК	Латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиі	Қазақ дыбыстарының айтылуын, олардың дыбыс ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастырады, латын графикасы негізінде қазақ сөздері мен сөз тіркестерінің фонетикалық ерекшеліктерін зерттеу. Латын әліпбиі негізінде сауатты жазу дағдыларын дамыту. Латын әліпбиін қолдана отырып, қазақ тіліндегі мәтіндерді оқу қабілетін ашу.		ОН1 ОН2 ОН12
БП	ТК	Қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениеті және коммуникация	Әдеби қазақ тілінің нормалары жайлы білімдерін қалыптастырады. Қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, фразеологиялық айналымдарды, мақал-мәтелдерді қолдану арқылы ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту. Тұлғааралық және кәсіби коммуникацияларда қазақтілін қолдану.		ОН1 ОН2 ОН12
ЖБП	МК	Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері	XXI ғасырдағы ұлттық сананың қалыптасуының негізгі теориялық ұстанымдары туралы білімді қалыптастырады. Елдегі жағдайды талдай білу, ақпаратты өз бетінше таңдау, ойларды нақты тұжырымдау, рухани-адамгершілік әлеуетті қолдана отырып қорытынды жасау және жалпылау. Азаматтық және саяси салмақты мінез-құлық дағдыларын меңгеру, өзінің саяси көзқарастары мен іс-әрекеттерін түзету.		ОН1 ОН2 ОН12
ЖБП	МК	Абайтану	Абайдың өмірі мен шығармашылығы зерттелуде. Абай-қазақ әдебиетінің классигі. Абай-ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абайдың дәстүрлері және оның ұлттық әдебиетті дамытудағы рөлі. Отансүйгіштік пен Отанға деген сүйіспеншілік, поэзия сезімдері тәрбиеленеді.		ОН1 ОН2 ОН12
ЖБП	МК	Академиялық жазба	Зерттеушіге ғылыми мәтіндерді оқуға, түсінуге және жазуға мүмкіндік беретін тілдік құзыреттіліктерді		ОН1 ОН2

				зерделейді. Пән ғылыми мәтіндерді, баяндамалар мен жарияланымдарды дайындау, жазу және жариялау дағдыларын қалыптастырады.		ОН12
	ЖБП	МК	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	Түрлі операциялық жүйелердің ерекшеліктері мен талаптарын білу; Дербес компьютердің құрылысын білу. Интернет-технологияларды пайдалану; кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды қолдана білу; ұйымдастыру саласында өз стилін әзірлеу және одан әрі жетілдіру үшін кәсіби қызметте қорытынды жасау; индустриялық ақпараттық - коммуникациялық технологиялардағы қауіпсіздік мәселелерін талдау.	5	ОН1 ОН2 ОН12
Инженерлік-техникалық ғылымдар негіздері	БП	ЖОО К	Жоғары математика	<u>Пән сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия элементтерін, бір айнымалы функциялы дифференциалды және интегралдарды есептеу элементтерінің фундаментальды білімдерін береді.</u> Функцияның шектерін есептеуді, интегралды табуды, анықтауыштарды есептеуді және теңдеулер жүйесінің шешімін табуды білу; математикалық есептер қоя білу. Типтік математикалық есептерді шешу.	4	ОН3 ОН5 ОН12
	БП	ЖОО К	Физика	Пән физиканың және физикалық құбылыстардың негізгі заңдары мен принциптерін, физикалық зерттеу әдістерін, физиканың басқа ғылымдармен байланысын және оның мамандықтың ғылыми-техникалық мәселелерін шешудегі рөлін білу; физиканың табиғаттағы физикалық үрдістердегі рөлін түсіну. Негізгі заңдарды, классикалық және қазіргі заманғы физиканың теорияларын, физикалық зерттеу әдістерін және деректерді тиімді өңдеуді білу және түсіну жайлы фундаментальды білімдер береді.	4	ОН2 ОН5 ОН12
	БП	ЖОО К	Өзара ауыстырымдылық негіздері	Пән функционалды өзара ауыстырымдылықтың негізгі принциптерін, тегіс цилиндрлік қосылыстардың өзара ауыстырымдылығын және бақылауын, пайдалану талаптарын білу, есептеу және таңдау жасай білу: саңылауы бар қондыру; керіліспен қондыру;	4	ОН2 ОН6 ОН10

				қондыруларды қолдану; тербелу мойынтіректері, тегіс цилиндрлік бөлшектер үшін калибрлерді, олардың жіктелуі мен құрылымдарын, өзара ауыстырымдылығын, конустық қосылыстарды бақылау әдістері мен құралдарын сипаттау жайлы білімдерді қалыптастырады.		
БП	ЖОО К	Машиналық графика		Оқытылатын бағдарламаны игеру үшін пәнді түсінуді және игеруді қалыптастырады. Машиналық графиканы игеру үшін пәннің мәнін түсіну. Үшөлшемді модельдеу құралдарын қолдану. Қатты денелерді модельдеу. Сызбаны құру. Сызбаларды қолдану және олармен жұмыс істеу. Сызбаларды өңдеу. Сызбаларды стандарттау. Үлгілерді пайдалануға болады. Қатты денелерді жобалау. Үшөлшемді кеңістікте объектілерді модификациялау.	6	ОН2 ОН3 ОН10
БП	ЖОО К	Инженерлік және компьютерлік графика		Кеңістікті жазықтыққа проекциялау үлгісін көрсету. Техникалық құжаттаманы, сызбаларды ресімдеудің жалпы ережелерін, талаптарын білу – ЕСКД екі картиналы бейнелеу, позициялық есептерді шешу, метрикалық есептерді шешу әдістерін білу. Параллельді (ортогональды) проекциялау.	4	ОН2 ОН3 ОН10
БП	ТК	Химия		Химиялық заттардың құрылымы, қасиеттері туралы, химиялық үдерістердің өту заңдылықтары туралы заманауи түсініктер береді , ол осы негізде химиялық ұғымдардың жүйелерін игеруге мүмкіндік береді. Химиялық термодинамика және реакциялар кинетикасы туралы заманауи түсініктерді қалыптастыру. Ерітінділер. Металдар мен металл емес химиясының электрохимиялық процестері. Органикалық химияның негізгі бөлімдері, полимерлік материалдар. Химиялық идентификация, химиялық әдістерді талдау.	4	ОН2 ОН4 ОН10
БП	ТК	Бейорганикал ық химияның теориялық		Негізгі химиялық түсініктер, заңдар, атомның құрылысы, кванттық сандар, Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесі жайлы фундаментальды білімдерді		ОН2 ОН4 ОН10

			негіздері	қалыптастырады. Химиялық байланысты түсіндіру, валенттілік. Термодинамика заңдарын, термохимия элементтерін түсіну. Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Химиялық тепе-теңдік. Ерітінділерді, ерігіштікті, ерітінділердің концентрациясын сипаттау. Электролиттер, электролиттер. Сутегі көрсеткіші. Буферлік ерітінділер. Ерігіштік туындысы. Тұздардың гидролизі. Кешенді қосылыстар. Тотығу-қалпына келтіру реакцияларын құру. Электродтық процестерді түсіну.		
	БП	ТК	Стандарттау және сертификаттау	Техникалық реттеу, стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйелерін, заңнамалық және нормативтік құжаттарды, стандарттардың түрлері мен санаттарын білудің және түсінудің негіздерін қалыптастырады. Стандарттау әдістерін, сертификаттау сызбаларын, КО/ЕвраЭС техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану. Стандарттау, сертификаттау бойынша талаптардың, метрологиялық нормалар мен ережелердің сақталуын талдау. Мемлекетаралық және халықаралық стандарттау, сертификаттау, метрология бойынша жұмыстардың экономикалық тиімділігін бағалау.	4	ОН2 ОН6 ОН10
	БП	ТК	Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйелері	Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық және құқықтық құжаттарды білу, кәсіпорындарда метрологиялық нормалар мен ережелерді сақтауға қойылатын нормативтік талаптарды түсіну, өнім өндірісінің технологиялық параметрлерін бақылау үшін нормативтік құжаттамамен, өлшеу және сынау техникасымен жұмыс істей білу, өлшеу құралдарын жіктеуді жүргізу, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету өлшеу қателіктерін есептеу жайлы жүйелі білімдер береді.		ОН2 ОН3 Р10
Механика негіздері және конструкциялы	БП	ТК	Теориялық механика	Геометриялық тұрғыдан денелердің қозғалысын түсіндіру жайлы фундаментальді білім береді.. Қозғалыс тәсілдері мен кинематика әдістерін сипаттаудың	4	ОН2 ОН3 ОН12

қ материалдар технологиясы				іскерлігін қалыптастырады. Қатты дененің қарапайым және күрделі қозғалысын айту. Статиканың негізгі теоремаларын, үйкеліс заңдарын қалыптастырады. Жинақталатын, жазық және кеңістіктік күштер жүйелерінің тепе-теңдік шарттарын, байланыс түрлерін айту. Динамиканың негізгі заңдары, әрекет етуші күштерді ескере отырып механикалық жүйелердің қозғалысын қарастыру көрсетіледі.		
	БП	ТК	Техникалық механика	Жинақталатын және параллель күштер жүйелерінің тепе-теңдік шарттары бойынша білім береді, қатты дененің үдемелі және айналмалы қозғалысын сипаттайды. Нүктенің, механикалық жүйелердің және қатты денелердің динамикасының негізгі түсініктері мен анықтамалары, қатты денелердің кинетика - статикалық зерттеу әдістері туралы айтылады. Екі және көп параллель күштер, қос күштер, сонымен қатар, қос күштерді қосу есептерін шешуді дағдыландырады.		ОН2 ОН3 ОН12
	БП	ТК	Материалдар кедергісі	Сыртқы күштер және олардың жіктелуі, деформацияланатын қатты дененің негізгі қасиеттері жайлы білімдерді қалыптастырады. Қима әдісі, созылу және сығылу туралы түсініктер, Гук заңы, конструкцияның беріктігі мен ұзақ мерзімділігінің негізгі ұғымдары, материалдардың кернеу кезіндегі беріктігі бұзылулары мен орнықтылығы туралы түсініктер айтылады. Статикалық анықталатын рамалардың есептерін есептеу, иілу мен бұралуға арналған есептерді шешудің дағдылануын қалыптастырады.	5	ОН2 ОН3 ОН12
	БП	ТК	Инженерлік механика	Статика аксиомаларын және тепе-теңдік шарттары, материалдар кедергісінің негізгі гипотезалары, Гук заңы, Пуассон коэффициенті және Юнг модулі баяндалады. атау. Созылу және сығылу, бұралу және иілу кезіндегі эпюрлердің құрылуын, нөлдік сызықтың жағдайы мен теңдеуін, арканың беріктігінің шарттарын және құрылыс		ОН2 ОН3 ОН12

			механикасының негізгі теоремаларын, күрделі кедергі мен тұрақтылық ұғымын түсіндіру дағдылары беріледі.		
БП	ЖОО К	Машина бөлшектері және конструкциялар негіздері	Машина бөлшектері мен тораптарын жобалау, құрастыру және есептеу негіздерін, машина бөлшектерінің конструкциясына қойылатын технологиялық талаптарды, материалды таңдауды негіздеу жайлы білімдер беріледі. Жетекті кинематикалық есептеуге дағдылануды қалыптастырады. Механикалық берілістерді сипаттау: тісті, белдік, шынжырлы, фрикциялық және құрттық. Біліктердің жүктемелерін және тербелу тіректерін анықтау, подшипникті тораптарды майлау және тығыздау, редукторлардың бөлшектерін құрастыру, муфталарды таңдаудың шеберлігіне үйретеді.	5	ОН2 ОН3 ОН6
БП	ТК	Механизмдер мен машиналар теориясы	Құрылымдық сұлбаның негізгі элементтері, кинематикалық жұптары және олардың жіктелуі, механизмдердің негізгі түрлері, иінтіректі механизмдердің пайда болу принципі, Ассурдың құрылымдық топтары және олардың жіктелуі жайлы фундаментальді білімдерді қалыптастырады. Машина механизмдерін құрылымдық, кинематикалық және динамикалық зерттеу әдістері, машина-автоматтардың, өнеркәсіптік роботтардың негізгі теориялары туралы айтылады. Машиналардың механизмдері мен аспаптарын жобалау, синтездеу әдістері мен есептерін түсіндіру.	5	ОН2 ОН3 ОН6
БП	ТК	Машина механикасы	Кинематика есептерін, нүктенің және қатты дененің қозғалысын тапсыру тәсілдері қатты денелердің динамикалық зерттеу заңдары жайлы баяндалады. Созылу және сығылу кезіндегі деформацияның түсінігі, қауіпті қималардағы кернеуді анықтау мазмұндалады. Құрылымдық-кинематикалық және динамикалық талдау, сондай - ақ жазық -иінтіректі механизмдердің синтезін жүргізудің дағдысы		ОН2 ОН3 ОН6

				көрсетіледі. Айналымы буындардың статикалық және динамикалық теңдеуінің айырмашылықтарын анықтау. Өнеркәсіптік роботтардың жіктелуін айту.		
